

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 наурыздағы N 356 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 5 қараша N 1171

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік азық-түлік резервіне 2002 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 наурыздағы N 356 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 9, 85-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "450000 (төрт жүз елу мың) тонна көлеміндегі" деген сөздер "500000 (бес жүз мың) тоннаға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "бірыңғай жер салығын төлеуші болып табылатын тұлғалар үшін" деген сөздер "қосымша құн салығын төлемейтін бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"153740 (бір жүз елу үш мың жеті жүз қырық) тоннаға дейінгі көлемдегі үшінші сыныптан төмен емес дәнінің маңызы 25 %-дан кем емес жұмсақ сортты азық-түліктік бидай астығын 1663774280 (бір миллиард алты жүз алпыс үш миллион жеті жүз жетпіс төрт мың екі жүз сексен) теңге сомасына қосымша құн салығын қоса алғанда және қосымша құн салығын төлемейтін бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосымша құн салығын қоспай есептелген табиғи салмақтың бір тоннасын 10822 (он мың сегіз жүз жиырма екі) теңгеден кем емес баға бойынша, франко-элеватор қағидасымен - күзде тікелей сатып алу арқылы;

30000 (отыз мың) тоннаға дейінгі көлемдегі үшінші сыныптан төмен емес қатты сортты азық-түліктік бидай астығын 348000000 (үш жүз қырық сегіз миллион) теңге сомасына қосымша құн салығын қоса алғанда және қосымша құн салығын төлемейтін бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосымша құн салығын қоспай есептелген табиғи салмақтың бір тоннасын 11600 (он бір мың алты жүз) теңгеден кем емес баға бойынша, франко-элеватор қағидасымен - күзде тікелей сатып алу арқылы;

2000 (екі мың) тоннаға дейінгі көлемдегі үшінші сыныпты күріш астығын 30920000 (отыз миллион тоғыз жүз жиырма мың) теңге сомасына қосымша құн салығын қоса алғанда және қосымша құн салығын төлемейтін бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосымша құн салығын қоспай есептелген табиғи салмақтың бір тоннасын 15460 (он бес мың төрт жүз алпыс) теңгеден кем емес баға бойынша, франко-элеватор қағидасымен - күзде тікелей сатып алу арқылы;

60000 (алпыс мың) тоннаға дейінгі көлемдегі екінші сыныпты арпаны 371040000 (үш жүз жетпіс бір миллион қырық мың) теңге сомасына қосымша құн салығын қоса алғанда және қосымша құн салығын төлемейтін бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосымша құн салығын қоспай есептелген табиғи салмақтың бір тоннасын 6184 (алты мың бір жүз сексен төрт) теңгеден кем емес баға бойынша, франко-элеватор қағидасымен - күзде тікелей сатып алу арқылы қамтамасыз етсін";

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік азық-түлік резервіне 2002 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алудың ережесінде:

7-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Күзде сатып алынатын астық мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) бір тоннасының бағасы 10822 (он мың сегіз жүз жиырма екі) теңге бойынша үшінші сыныптан төмен емес жұмсақ сортты азық-түліктік бидай:

- | | |
|---------------------------------|-------------------|
| 1. Табиғи салмақ, г/л | 730-дан кем емес |
| 2. Ылғалдығы, % | 13,5-тен көп емес |
| 3. Дән маңызының жалпы үлесі, % | 25-тен кем емес |
| 4. Дән маңызының сапасы, тобы | II-ден төмен емес |
| 5. Мөлдірлігі, % | 50-ден кем емес |
| 6. Түссіздігі (дәреже) | 1-ден төмен емес |
| 7. Арамшөп қоспасы, % | 1-ден көп емес |
| 8. Дән қоспасы, % | 3-тен көп емес |

9. Зиянкестермен дерттенуіне жол берілмейді;

2) бір тоннасының бағасы 11600 (он бір мың алты жүз) теңге бойынша үшінші сыныптан төмен емес қатты сортты азық-түліктік бидай:

- | | |
|---------------------------------|------------------|
| 1. Табиғи салмақ, г/л | 745-тен кем емес |
| 2. Дән маңызының жалпы үлесі, % | 25-тен кем емес |
| 3. Мөлдірлігі, % | 70-тен кем емес |

қалған сапа көрсеткіштері ҚР СТ 1046-2001-ге сәйкес;

3) бір тоннасының бағасы 15460 (он бес мың төрт жүз алпыс) теңге бойынша үшінші сыныпты күріш астығы:

- | | |
|-----------------------|-------------------|
| 1. Ылғалдығы, % | 14,0-ден көп емес |
| 2. Арамшөп қоспасы, % | 2,0-ден көп емес |
| 3. Дән қоспасы, % | 6,0-ден көп емес |
| 4. Қызыл дәндер, % | 7,0-ден көп емес |

қалған сапа көрсеткіштері ҚР СТ 1019-2000-ға сәйкес;

4) бір тоннасының бағасы 6184 (алты мың бір жүз сексен төрт) теңге бойынша екінші сыныпты арпа:

- | | |
|-----------------------|-------------------|
| 1. Табиғи салмақ, г/л | 620-дан кем емес |
| 2. Ылғалдығы, % | 14,5-тен көп емес |
| 3. Арамшөп қоспасы, % | 2-ден көп емес |

4. Дән қоспасы, % 5-тен көп емес
қалған сапа көрсеткіштері МЕМСТ 28672-90-ға сәйкес."

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде ұсыныс енгізісін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК